



Ақтөбе облысы
Шалқар ауданы
Бозой орта мектебі
Тарих пәні мұғалімі Рскалиева Жадыра Шамгоновна

Класы: 7

Пәні: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы

Тақырыбы: “Қимақ қағанаты”

I. Ұйымдастыру кезеңі



*Үйренеді, адам білімі артады
Ақыл түбі тым тереңге тартады.
Ж.Баласағұн.*

II. Үй тапсырмасын тексеру

“Миға шабуыл”

Лезде сұрақтар

- ОҒЫЗ мемлекеті қашан, қай жылы құрылды?
- Оғыздар туралы зерттеген тарихшылар.
- ОҒЫЗ сөзінің пайда болуы туралы қандай пікірлер бар?
- Оғыздар туралы қандай тарихи деректе айтылады?
- Оғыздарда тайпалық одақ қалай аталады?
- Оғыздардың тайпалық құрамы қалай қалыптасқан?
- Қытай деректерінде оғыз мемлекетіне қандай тайпа кірген деген?
- ОҒЫЗ мемлекеті сыртқы саясатында қандай мемлекеттермен жақсы қарым-қатынаста болды?
- ОҒЫЗ мемлекеті қандай елдерді жаулап алды?
- ОҒЫЗ мемлекетінің мал шаруашылығы туралы айт.
- Оғыздардың қолөнері туралы айт.

“Кімнің сөзі”

Махмуд Қашғари

Оғыздар одағында 24 тайпа болған

Оғыз одағында 12 тайпа бар

Әл-Марвази

Әл-Бируни

Оғыздар күз айларында Хорезм шекарасында, ал кейбір бөліктері Ұлытау баурайында көшіп жүреді

Түрік қолөнердің барлығын өзі істейді, қару, жебе, ер-тұрман, қорамсақ, найза жасайды

Әл-Жахиз

Әл-Идриси

Оғыздар мен қимақтардың шеберлері темірден гажайып әдемі бұйымдар жасайды

“Орнын тап!”

Мемлекеттер	Билеушілері
Түрік қағанаты	Шахмәлік
Батыс Түрік қағанаты	Сұлу қаған
Түргеш қағанаты	Сатұқ Боғра хан
Қарлұқ қағанаты	Мұқан қаған
Оғыз мемлекеті	Тон қаған

Жаңа сабақ

“Қимақ қағанаты”

Өмір сүрген уақыты	Аумағы
VII ғас. басы	Монғолияның солтүстік-батысы
VII ғ. ортасы	Алтайдың солтүстік аудандары, Ертіс өңірі
766-840 жылдары	Батыс Алтай, Тарбағатай, Алакөл ойпаты
IX ғ. соңы	Солтүстік-Шығыс, Орталық Қазақстан

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫР МЕМЛЕКЕТТЕРІ

(VI – XI ғ.ғ.)



Монғол жерінің солтүстігінде өмір кешкен қимақтардың ішінде қыпшақтар да болған

*Қытай тарихшысы
Сыма Цянь*

Қимақ елінің құрамында жеті тайпа болған. Олардың ішіндегі ең ауқаттылары қимақтар мен қыпшақтар.

*Парсы тарихшысы
Гардизи*

Қимақтар



Қимақтар Қазақстан аумағында

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет



Қимақ мемлекеті

Қимақтар Қазақстан аумағында — IX — X ғасырлардағы жазбаша деректемелердің мәліметгері бойынша, кумандар **Батыс Қазақстан** аумағында мекендеген және қимақ, қыпшақ, куман тайпаларының үш құрамды бірлестігінің батыс тармағы болған. Оңтүстік Сібірді, **Солтүстік Алтай** аймағын кумандар мекендеген негізгі өңір деп санау керек. VII ғасырдың ортасында Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін бірқатар түркі тілдес тайпалардың оқшаулануы және сонымен бірге олардың күрделі топтасу үрдісі жүріп жатты. Солтүстік-батыс **Алтай** мен **Шығыс Қазақстан** аумағында қимақтар мен қыпшақтардың этника-лық-мәдени қауымы пайда болады. VIII ғасырдың аяғында қыпшақтардың едәуір тобы, кумандармен бірге қимақтардан бөлініп шығып, **Ертістің** батысына қарай тура **Оңтүстік Орал** өңіріне дейінгі жерге ірге тебеді. **Қыпшақ** және куман тайпалары X ғасырдың аяғына дейін қимақ қағанатына саяси тәуелділікте болып, Ертістен Еділге дейінгі кең-байтақ аумақтағы мемлекетке кірді. Ол мемлекет қыпшақ хандарының қолына көшкен кезде қимақтар мен кумандар басқа тайпалармен бірге қыпшақтардың саяси ықпал аясына енді.

Қоғамдық құрылысы:


— **қаған** (билеуші)

— **ябғу** (қағаннан екі саты төмен атақ,
тайпа көсемдері)

— **шад-түтік** (жеке тайпа көсемдері)

— **ұлы қаған, кіші қаған, ябғу шад**
(шонжарлар лауазымы)

— **жатақтар** (қарапайым отырықшы
халық)



Х–ХІІІ ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі мемлекеттер.

Қимақ қағанатының құлау себептері:

- 1) Өз ішіндегі ішкі қайшылық-атақты қыпшақ тайпасы көсемдерінің билігі үшін таласу.***
- 2) Сыртқы қайшылықтар жер үшін болған соғыстарда өзінен күші тайпалар үстемдік құрған.***

Қимақтардың шаруашылығы

Шаруалар өз мырзаларының малын бақты, ...қысқа арнап олар әрқайсысы өздерінің шама-шарқына қарай қой, жылқы немесе сиыр етін сүрлеп алады



Махмуд Қашғари

*Парсы тарихшысы
Гардизи*

Малы жоқ жатақтар қолөнерді, балық аулауды кәсіп еткен.

Қимақ кедейлері егіншілікпен айналысқан. Негізінен тары, арпа, бидай еккен, бау-бақша шаруашылығымен айналысқан, жүзім, шие өсірген.

IX-X ғасырда Қимақ мемлекеті өзіндік өсіп-өркендеу жолы бар, қалыптасқан алғашқы патриархалдық-феодалдық мемлекет болған. 2003 ж. маусым айында Шығыс Қазақстан облысы Сарыкөл жанынан табылған көне түркі және қимақ заманына қатысты мәдени-тарихи құндылықтар әлем археологтары үшін үлкен ғылыми жаңалық болды. З. Самашев қазіргі заманда да Қазақстан түркі тілдес, бауырлас халықтар арасында да саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынас жасап отыр.

Бекіту.

“ Сәйкестендіру тесті”



Картамен жұмыс

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫР МЕМЛЕКЕТТЕРІ (VI – XI ғ.ғ.)

БҮЛГАРЛАР

У Г О Р Т А Й П А Л А Р Ы

Х А З А Р Л А Р

Қ Ы Р Ғ Ы З Д А Р

К Е Р Е Й Л Е Р (XII ғ.)

Н А Й М А Н Д А Р
(XII ғ.)

Зайсан көлі

Балқаш көлі

Ыстық көлі

Қ Ы Т А Й

• Үргеніш
• Хиуа

• Ташкент

• Бұхара • Самарқан

Х О Р Е З М

Ү Н Д І С Т А Н

Ш А Р Т Т Ы Б Е Л Г І Л Е Р І :

- Түрік қағанаты (552-603 ж.ж.)
- Батыс-түрік қағанаты (603-704 ж.ж.)
- Шығыс-түрік қағанаты (632-744 ж.ж.)
- Түргеш қағанаты (704-756 ж.ж.)
- Қарлұқтар мемлекеті (756-940 ж.ж.)
- Оғыздар мемлекеті (IX ғ. аяғы - XI ғ. басы)
- Қимақтар мемлекеті (IX ғ. аяғы - XI ғ. басы)




“Баламалы тест”

Р/с	Мәлімет	Ия	Жок
1.	Сыма Цзяньнің жазуы бойынша қимақтардың ішінде қыпшақтар болған		
2.	Қимақ қағанатының басқарушысы “қаған” деп аталды		
3.	Қимақ қағанаты X ғасырдың басы-ХІІ ғасырдың соңы аралығында өмір сүрген		
4.	X ғасырдың ІІ-ші жартысында Қарахан мемлекеті қимақтармен достық келісімде болған		
5.	Парсы тарихшысы Гардизи оғыздар туралы тарихи дерек жазған		


“Терминдік сөздерді ажырат”

Жабғу, сюбашы, жатақ, ябғу, инал, шад-түтік,
күл-еркіндер, атабектер, қаған



Махмуд Қашғари

“РАФТ” стратегиясы



Махмуд Қашғари

Үйге тапсырма:

§ 7. Қимақ қағанаты